

ХҮШ ғасырдағы қазақ поэзиясының ең ірі тұлғасы, Абылай ханның ақылгөй кеңесшісі, қабырғалы би Бұқар жыраудың өлеңдерінің көбі белгілі бір оқиғаға байланысты айтылған. Мысалы, оның «Бұқарекен біз келдік», -деп басталатын өлеңінің шығуы жөнінде ел аузында біз білетін төмендегідей екі түрлі әңгіме бар.

Бірінші әңгіме турасында жазушы Мұхтар Мағауиннің құрастыруымен 1970 жылы шыққан «Алдаспан» атты ақын, жыраулар шығармалар жинағының «түсініктер» тарауында мынадай деректер берілген. «Бұқар жарлы кісі екен, алпыс жасында өз ағайыны бір байдан ат майын мінуге сұрапты. Сонда ол бай ауыл пәлен жерге қонғанда келе қойсаңыз депті, ат майын беруге сарандығы қолын босатпай. Егер Бұқарекен келе қалса бір мата беріп жөнелтейін деп керегенің басына қыстырып қойған екен. Бұқарекен кіріп келгеннен-ақ матаға көзі түсіп жырлай бастайды. Байдың аты Ақан болса керек. Бұқарекен ол атын азсынып, атына ат қосақтапты».

Осы әңгімеге орай айта кететін бір шындық, Бұқар жыраудың шаруасы шағын болғандығы және оның дүние-мүлік жинамағандығы. Алайда, ол ешқашанда тіленшіленбеген. Сондықтан Бұқар жыраудың «байдан ат майын мінуге сұрапты» деген сөз шындыққа жатпайды.

Екінші бір әңгімені Екібастұз қаласының тұрғыны, зейнеткер, 2002 жылы Павлодар қаласында басылып шыққан «Ой тұңығы» атты өлеңдер жинағының авторы, Павлодар облысына белгілі әулие Ырысбек Шайқы Сопыұлының туысқаны Шайқым Құнанбаев былай деп айтады. Баян-

Ақан, Төбет байлардың Бұқар жырауға бір ғана бес жасар ат бермекші болғанын білдіреді. Ал «алпыстағы Бұқардың» деген өлең жолына қарағанда осы өлеңнің шығуына себепші болған оқиға шамамен 1745 жылы болған. Бұл кезде Орманшы атаның ұрпақтары Қызылтаудың солтүстік-шығыс бөктерін, ал Бұқар жырау Далба тауының солтүстігін мекендей-тұғын еді. Екі байдың Бұқар жырауға ат бермек болғандығын «Келіп едім өзіне, Түнеугі айтқан сөзіңе», -деген өлең жолдары растайды. Осыдан кейін «Керегенің басында, Екі қары бөзіңе», -деген екі өлең жолына назар аударып, зерттеп көрелік. Ол үшін сәл шегініс жасап, мына жайттарға тоқталсақ: Бұқар жыраудың мұсылманша оқыған сауаттылығы болғанымен оның өз қолымен қағазға жазылып, бізге жеткен жыр толғаулары жоқ. Сондықтан оның қазіргі күні біздің қолымызда бар шығармалары ХІХ ғасырдың екінші жартысы, ХХ ғасырдың бас кезінде ел аузынан жазылып алынған. Сонда оның өлеңдері кемі 200 жыл шамасында ел аузында айтылған болады. Осыншама ұзақ уақыт ішінде бұл өлеңдерде біразырақ тілнамалық және текстнамалық заңдылықтар тұрғысынан алып қарағанда өзгерістер болмады дей алмаймыз.

Аталмыш өлеңді Мәшһүр Жүсіп Көпеев алғаш рет қағазға түсіргенде біздің назарға алған екі өлең

- 2)жұқа, болбыр, бостау мата;
- 3)жасық, ұяң, ынжық, бөз өкпе.

Бұл сөздердің ішінен тек бірінші немесе екінші мағынадағы «бөз» сөзі ғана жоғарыда назарға алған екі өлең жолына қатысы болуы мүмкін деп санаймыз.

Енді «қары» және «бөз» сөздерінің біз есепке алған мағыналарын бір-бірімен жүйелеп салыстырып көрелік. Егер өлеңде сөз мата жөнінде болса, онда екінші өлең жолы «екі қары бөзіңе» деп айтылмайды. Себебі, біріншіден Бұқар жырау керегеде ілулі тұрған матаның ұзындығы екі қары, яғни 60 сантиметр /қарының ұзындығы орташа 30 сантиметр/ шамасында екенін білді деуге бола ма? Жоқ, болмайды. Екіншіден, қазақтар матаның ұзындығын тіпті қарымен де, қарыспен де емес, құлашпен өлшейді. Бұдан шығатын қорытынды: өлеңде әңгіме мата туралы емес. Демек, «қары» деген сөздің бірінші мағынасы мен «бөз» деген сөздің екінші мағынадағы сөзі талқылаудан шығатын болады. Сонда біздің зерттеуімізде «қары» сөзінің жетінші мағыналы сөзі мен «бөз» сөзінің бірінші және үшінші мағынадағы сөздері қалады. Сонымен

бірге, әңгіме керегенің басындағы кісі еместігін де қаперге алуымыз керек. Сонда Бұқар жыраудың «екі қары бөзіңе» дегені екі жаман ат болып шығады. Мысалы, қазақта: «Үстіне мінбей қарыдың /яғни кәртайдың/, арқанда тұрып арыдың» деген сөз

бар.

Сонымен, біз назарға алған екі өлең жолының екінші жолдағы сөйлемі екі кәрі атқа байланысты айтылған болса, онда оқырмандар бірінші өлең жолындағы «керегенің басында» деген сөзге қарап: «Иә, сонда екі аттың керегенің басында болуы қалай?» -деп танданулары анық. Әрине, мұндай жағдай болмайды. Ендеше, «керегенің басында» деген сөз тіркесі де ел аузында өзгерген. Осылай дей отырып, қазақ тілінде «кереге» деген

# БҰҚАР ЕКІ АТТЫ НЕТЕ

жолы жоға-  
рыда жазып-

айтады. Баян-аула өңіріндегі әулиелі

Қызылтаудың бөктерін мекендеген Орманшы руы ішіндегі Өтек бұтағынан тарайтын Өміртайдың Ақан және Төбет есімді ұрпақтары болған. Бірде Ақан мен Төбеттің көрші ағайындарының бірімен даулы ісі болады. Осы даудың шешімін шығару үшін қарсылас екі жақ Бұқар жырауға жүгінеді. Сонда ол дауға билік айтып, Ақан мен Төбеттің мүддесін қорғайтын әділ үкім шығарады. Осыған разы болған екі бай Бұқар жырауға сыйлық ретінде салт мінуге жарайтын жақсы ат беретіндіктерін айтады. Кейін Бұқар жырау өзіне берген атын алуға жол-жөнекей келе жатып байлардың ауылына соғады. Сонда олар оның қолына екі арық аттың шылбырын ұстатады. Сол жерде Бұқар жырау аттардың шылбырларын қолымен қағып жіберіп, былай деп жырлаған екен:

*Бұқарекен біз келдік,  
Ақан, Төбет байларға.  
Бесті берсең семіз бер,  
Жаздай Бұқар жайларға.  
Бермеймін деп атама,  
Асауыңды матама.  
Шылбырынан берік тартсам,  
Шамырқанып, шамданып,  
Шалқасынан жата ма!?  
Алтыстағы Бұқардың  
Сілесі құрып қата ма,  
Құлдарың мен күңдерің  
Мерекеге бата ма?!  
Келіп едім өзіңе,  
Түнеугі айтқан сөзіңе,  
Тіпті разы болмаймын  
Керегенің басында  
Екі қары бөзіңе!  
Бермей қалсаң осы жол,  
Жолықпаймын деп ойлама,  
Жортуылшы ердің кезіне!*

Бұл өлең «Алдаспан» атты жинақтан алынды.

Енді осы екі әңгіменің қайсысы шындыққа жанасады? Бұл сұраққа жауап беру үшін алдымен аталмыш өлеңнің әр жолын саралап зерттеп көрелік. Өлеңдегі: «Бесті берсең, семіз бер» деген сөз

рыда жазылғандай ел аузында айтылып келе жатқан әңгіме Мәшһүр Жүсіптің қолжазбасынан алынған. Солай болса да Мәшһекеннің ел аузынан естігенін ешбір өзгертпестен қағазға түсіретіні де белгілі.

Енді сөз қылып отырған өлеңнің шығуына себеп болды деген бірінші әңгімеге қайта оралайық. Онда Бұқар жыраудың киіз үйге кіріп келгенде бірден керегеде ілулі тұрған матаға көзі түсіп жырлай бастағаны айтылған-ды. Хош, оқиға осылай-ақ болсын делік. Сонда ол керегенің басындағы матаның өзіне берілетін зат екенін білгені шындыққа жата ма? Шынтуайтқа келсек, ол мата Бұқар жырауға арналмай үйдегі көп жабдықтардың бірі сияқты керегеде жай да ілініп тұруы мүмкін ғой. Ендеше жоғарыда назарымызға алған екі өлең жолын құрайтын бес сөздің ішінде уақыт ағымы салдарынан ел аузында өзгерген сөздер бары еш күмән тудырмайды. Сондықтан сол өзгерген сөздерді анықтау үшін екі өлең жолындағы «кереге», «бас», «екі», «қары», «бөз» деген бес сөздің әрқайсысы сарапталып тексерілуі тиісті. Ал «бас» және «екі» деген сөздердің мағыналарын баршаға түсінікті деп санасақ, онда «кереге», «қары», «бөз» деген үш сөз ғана нысанаға алынады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі «қары» деген сөздің мынадай жеті түрлі мағыналарын береді:

- 1) қолдың шынтақ қосындысынан иыққа дейінгі бөлігі;
- 2) уықтың иілген жері;
- 3) қағылған-соғылған, бұзық, жаман адам;
- 4) үйдің төбесіне салынатын жуан ағаш;
- 5) қыздырылған темірмен күйдіру;
- 6) туысқан, ру, тек;
- 7) қарттау, москал тарту.

Осы жеті мағыналы сөздердің ішінен біздің назарға алған екі өлең жолына қатысы бар-ау деген бірінші және жетінші мағынадағы «қары» сөздерін ғана алып, өзирге жеке ойда ұстай тұрайық. Енді «бөз» деген сөзге көңіл аударайық. Бұл сөздің мағынасын қазақ тілінің түсіндірме сөздігі былайша анықтайды:

- 1) жаман, нашар, күнсыз;

# АЛМАДЫ?

ында өзгерген. Осылай дей отырып, қазақ тілінде «кереге» деген сөзге ұқсас «керегелі» деген сөздің барына көңіл аударайық. Бұл сөздің мағынасы дәулетті адам /яғни керегелі кісі/. Демек, қазірде әртүрлі өлең жинақтарында жазылып жүрген «керегенің басында» деген сөз тіркесін Бұқар жырау әуел баста «керегелі басынмен», яғни дәулетті басынмен деген мағынада айтқаны хақ. Сондықтан да Бұқар жыраудың екі байдың бір жақсы аттың орнына екі кәрі нашар ат бергеніне шамданып: «Тіпті разы болмаймын, Керегелі басынмен, Екі қары бөзіңе», - деп жырлаған. Сөйтіп, аталмыш өлеңнің шығуына байланысты Шайқым ақсақал айтқан әңгіменің нұсқасы дұрыс сияқты.

Аталмыш өлең «Алдаспан» атты жинақта: «Жолықпаймын деп ойлама, Жортуылшы ердің кезіне!»-деп аяқталатынын білеміз. Осында бірінші өлең жолы 8 буынды болса, ал екінші өлең 9 буынды. Ал Бұқар жыраудың өлең жолдары негізінен 7 буыннан үйлеседі. Олай болса, осы екі өлең жолы да кейін өзгеріске ұшырағаны даусыз. Меніңше бұл өлең жолдарын бабамыз былайша жырлауы мүмкін: «Жолықпас деп ойлама, жортқан ұры тезіне!» Бұдан Бұқар жыраудың екі байға: «Егер жақсы атты маған қимасаң, ертең сол атың ұрыларға бұйырады» деп ескерту жасағанын білеміз. Сонымен, «Алдаспан» атты және басқа кітаптарда Бұқар жырау сөздері боп жазылып жүрген «жортуылшы» және «кезіне» деген сөздердің дұрысы «жортқан», «тезіне».

Осымен әңгіmemізді тәмамдайтын болсақ, онда оқырмандар: «Әуелде Бұқар жарғауға бір ат сыйламақ болған байлар кейін неліктен оған екі ат бермекші болды» деп ойлаулары мүмкін. Рас, Ақан мен Төбеттің әуел баста Бұқар жырауға айтқандары бір ат еді. Кейін жеме-жемге келгенде ол ат кімнің жылқыларынан берілуі керек деген сұрақтың тууына байланысты туысқан екі сараң байдың арасында күрделі мәселе қылаң береді. Себебі олардың ұғымында Бұқар жырауға жақсы атты Ақан берсе, Ақан ұтылып, Төбет ұтқан болады, ал Төбет берсе, керісінше, Төбет ұтылып, Ақан ұтқандай болады. Сондықтан екі бай Бұқарекенге өз жылқыларынан әрі кәрі, әрі арық бір аттан беретұғын болса, мұндай шешім екеуіне де бірдей тиімді шығын боп сезіледі.

**Серік Жақсыбев, Академик Сәтпаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институттың профессоры**